

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
08.12.2021 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Н. НЫҒМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 08.12.2021 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Н. НИГМАТУЛИН.**

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі бірінші мәселені карауға көшеміз. «Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым). Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі Цой Алексей Владимировичке беріледі.

ЦОЙ А.В. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Сіздердің назарларыңызға ұсынылған «Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздігі туралы» Заң жобасын Денсаулық сақтау министрлігі Мемлекет басшысының 2020 жылғы 27 мамырда Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің отырысында және 2020 жылғы 16 қарашада коронавирустық инфекция жөніндегі кеңесте берген тапсырмаларын орындау мақсатында мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесе отырып әзірледі.

Заң жобасының басты тұжырымдамасы биологиялық қауіп-қатерлерді ерте анықтау, оларды болдырмау және алдын алу болып табылады.

Биологиялық қауіп-қатерлердің негізгі көздері:

аса қауіпті инфекциялардың табиғи ошақтары;

халық пен жануарлардың белсенді қозғалысының, тауарлар айналымының нәтижесінде қауіпті инфекциялардың әкелінуі;

патогенді биоагенттерге рұқсатсыз қол жеткізу, олардың реттелмейтін және еркін айналымы;

төтенше жағдайлар және терроризм актілері нәтижесінде жоғары қауіптілік көздеріне әсер ету;

биоқауіпсіздік саласында білікті кадрлардың жетіспеушілігі.

Осыған байланысты мұндай қауіп-қатерлерге қарсы іс-қимылдың тиімді жүйесін қалыптастыру талап етіледі. Ол үшін заң жобасында:

- 1) Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік стратегиясы;
- 2) биоагенттермен жұмыс істеуге қойылатын талаптарды біріздендіру;
- 3) микроорганизмдердің ұлттық және жұмыс коллекцияларының қызметін регламенттеу;
- 4) үйлесімді мемлекеттік басқару жүйесін құру;

- 5) патогенді биоагенттердің айналымы туралы деректерді есепке алу мен мониторингтеудің бірыңғай жүйесін құру;
- 6) биотәуекелдерді басқару жүйесін енгізу;
- 7) биологиялық қауіп-қатерлерді болжау жүйесін құру;
- 8) профильді қызметтер мен халықтың ықтимал төтенше жағдайларға дайындығын қамтамасыз ету;
- 9) мемлекеттік реттеудің превентивті функциясын күшейту шеңберінде реттеу ұсынылады.

Заң жобасы үкіметтік нұсқасында жоғарыда аталған тәсілдерді іске асыруға бағытталған 8 тараудан және 32 баптан тұрады, сонымен қатар қолданысқа енгізу үшін алты айлық өтпелі кезеңді және патогенді биоагенттермен жұмыс істеуге рұқсаттарды ресімдеу және қайта ресімдеу үшін қосымша 6 айды көздейді.

Республикалық бюджет комиссиясы заң жобасын іске асыруға шамамен 25 миллиард теңге мөлшерінде 2022 – 2024 жылдарға арналған шығыстарды мақұлдады. Бұл шығыстарға бейінді қызметкерлерді әлеуметтік қорғау, мемлекеттік зертханалық базаны қосымша жарақтандыру, биоқауіпсіздік саласында бірыңғай мемлекеттік ақпараттық жүйені құру және жүргізу, микроорганизмдер коллекциясын ұстап тұру шығыстары кіреді.

Құрметті депутаттар, сіздерге заң жобасының редакциясын жетілдіру және жақсарту бойынша жүргізген жұмыстарыңыз үшін алғыс білдіремін. Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет. Баяндама аяқталды.

Енді, құрметті әріптестер, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Сөз депутат Ташқараев Ғани Әбдіғаниұлына беріледі.

ТАШҚАРАЕВ Ғ.Ә. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Алексей Владимирович! Халықты қауіпті биологиялық факторлар әсерінің теріс салдарларының туындау ықтималдығын азайту мақсатында заң жобасында биологиялық тәуекелдерді басқару жүйесін құру көзделген.

Тиісті қызмет саласында биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты мемлекеттік органдар Биологиялық тәуекелдерді бағалау әдістемесін әзірлейтін болады.

Патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуді жүзеге асыратын ұйым анықталған тәуекелдерді азайту бойынша шаралар қабылдау үшін жоғарыда аталған әдістеме бойынша өз қызметіне қатысты биологиялық тәуекелдерге бағалау жүргізуге тиіс.

Осыған байланысты менің сұрағым бар. Ұйымдарда биологиялық тәуекелдерге қайта бағалау жүргізу үшін қандай жағдайлар себеп болуы мүмкін?

Биологиялық тәуекелдерді бағалау кезеңділігі қандай болады? Рақмет.

ЦОЙ А.В. Спасибо за вопрос.

Действительно, такая система предусматривается. Запланированы отдельные нормативные правовые акты в реализацию данного законопроекта,

в которых будут четко указаны методика, кратность проводимых исследований, определение параметров рисков и самой методологии. Поэтому дополнительно в нормативных правовых актах в реализацию данного законопроекта будут разработаны и указаны эти методики.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Қаратаев Фахриддин Әбдінабиұлына беріледі.

ҚАРАТАЕВ Ф.Ә. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Менің сұрағым Ауыл шаруашылығы министрлігінің өкіліне арналады.

Өздеріңіз білетіндей, Қазақстан аумағында аса қауіпті инфекциялардың табиғи ошақтары бар. Олардың алдын алу мақсатында жыл сайын ауыл шаруашылығы жануарларын құтыруға, аусылға, сібір жарасына және басқа да ауруларға қарсы вакцинациялау жүргізіледі.

Соған қарамастан, Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, халық арасында сібір жарасы, конго-қырым геморрагиялық ауруының өсуі байқалады.

Ағымдағы жылдың қараша айында Шымкент қаласында сібір жарасын жұқтыру оқиғасы тіркелді. Мысалы, Жиделі ауылының төрт тұрғыны жылқының етінен ауру жұқтырды.

Заң жобасына сәйкес ветеринария, өсімдіктер карантині және оларды қорғау саласындағы уәкілетті орган биологиялық қауіпсіздік саласында профилактикалық іс-шаралар жүргізуді жүзеге асырады.

Айтыңызшы, аса қауіпті инфекциялардың табиғи ошақтарын анықтау және оқшаулау бойынша жүргізілетін профилактикалық іс-шаралардың тиімділігін арттыру бойынша қандай шаралар қабылдануда? Рақмет.

ТӨРАҒА. Ауыл шаруашылығы вице-министрі Құрманов Рүстем Жомартұлы.

ҚҰРМАНОВ Р.Ж. Сұрағыңызға рақмет.

Вакцинациядан басқа профилактикалық шаралар ретінде диагностикалық және аллергиялық зерттеулер жүргізіледі. Сонымен қатар, орысша айтқанда, мониторинг дикой фауны бойынша жұмыстар атқарылып жатыр.

Сондай-ақ Мемлекеттік шекарада көлік құралдарын дезинфекциялау және мал шаруашылығы объектілерін дезинфекциялау және дератизациялау жұмыстары атқарылып жатыр. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Унжакова Ирина Сергеевнаға беріледі.

УНЖАКОВА И.С. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемый Алексей Владимирович! Законопроектом предусматривается создание Единой государственной информационной системы в области биологической безопасности. Администрирование этой системы планируется закрепить за Вашим министерством, в то время как правом доступа к сведениям этой информационной системы будут наделены 15 ведомств государственных органов, акиматы и все государственные и частные юридические лица, которые будут осуществлять работу с патогенными биоагентами. При этом в структуре Единой информационной

системы планируются содержание и формирование таких компонентов, как модуль оценки и прогнозирования биологических рисков, реестр штаммов возбудителей особо опасных инфекций, информация о местах локализации, их хранения и так далее.

На наш взгляд, при таком расширенном доступе весьма высок риск утечки информации и ее неправомерного использования, что может создать реальные угрозы нашей биологической и национальной безопасности.

Поэтому мы хотим знать, каким образом в процессе администрирования Вы гарантируете:

- 1) сохранность;
- 2) конфиденциальность;
- 3) защиту сведений государственной системы от несанкционированного доступа и хакерских атак?

Спасибо.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, Алексей Владимирович.

ЦОЙ А.В. Большое спасибо.

Это очень важный вопрос, который поднимается в данном законопроекте. Действительно, по наполнению будет доступ субъектов, которые будут участвовать непосредственно в обеспечении биобезопасности, но для мониторинга, анализа и доступа к данным, которые предназначены для особого служебного пользования, будет четкое разграничение по уровням доступа. У нас сейчас это есть и в медицинской системе: врачи имеют доступ только в рамках своей компетенции. То есть будут иметь право наполнять, но право на анализ, прогнозирование и так далее будут иметь только уполномоченный орган или государственные органы, которые будут уполномочены на получение той или иной информации. Соответственно, данная электронная база также будет аттестована в надлежащем порядке в государстве и пройдет через все системы проверки на безопасность и информбезопасность.

Спасибо.

ТӨРАҒА. Смотрите, Алексей Владимирович, две очень важные вещи.

Первое – это актуальность и достоверность тех данных, которые будут поступать. От этого будет зависеть в целом биологическая безопасность нашей страны. Не виртуально, еще раз повторяю, очень важно, чтобы это были достоверные данные. Это первая часть. Вы сейчас в докладе сказали, что будете уделять этому большое внимание, когда будет создаваться Единая государственная информационная система в области биологической безопасности.

Второе – это сохранность и защищенность баз данных, которые будут храниться в этой системе, о чем сейчас говорила депутат Унжакова. Риски.

Риски есть, во-первых, при интеграции, а ее не избежать, со всеми другими государственными информационными системами (сейчас вице-министр цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности информации присутствует, мы его спросим), при

интеграции государственных информационных систем с информационными системами юридических лиц, в том числе (как в законопроекте говорится) с частными системами. Видите?! Это новшество.

У нас есть проблемы, когда интеграция государственных систем. Когда одна государственная система и другая государственная система, и то есть проблемы. Теперь мы расширяем до частных. Здесь может произойти утечка или потеря важной информации?

Вице-министр цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности Жамбакин Аскар Серикович, пожалуйста.

ЖАМБАКИН А.С. Доброе утро! На самом деле у нас есть требования в соответствии с Законом «Об информатизации» по интеграции государственных и негосударственных систем. Описаны необходимые мероприятия по прохождению аттестации негосударственных информсистем, испытаний. То есть негосударственные системы в конкретном случае частных юридических лиц должны будут пройти все необходимые мероприятия.

ТӨРАҒА. Какие необходимые мероприятия? Как вы защитите государственные информационные системы после того, как произошла интеграция и вы пустили туда частные?

ЖАМБАКИН А.С. По самой логике оно будет точно так же распределяться по доступам, то есть частные информационные системы будут иметь конкретный доступ в соответствии с правилами и матрицей рисков.

ТӨРАҒА. Извините, еще раз. Квалификацию в чем будете определять? Для государственных есть, по-моему, порядка 18 требований. Так, да? Там есть защищенность, там есть требования к их техническим характеристикам, оборудованию, персоналу и так далее. Теперь по частным системам как вы будете?

Я хочу сейчас Вам задать следующий вопрос. При этом государственные информационные системы у вас проходят эти проверки до года. Каким образом частные системы будут проходить? Готовы ли у нас частники пройти такую очень серьезную проверку? Правильно вы это делаете, чтобы понимать, с кем работать. Вы сейчас эту работу наладили при формировании государственных информационных систем. Сейчас интеграцию с частными системами как будете делать? Документ приняли, положение есть, все это понятно. Аскар Серикович.

ЖАМБАКИН А.С. Частные информационные системы должны будут пройти также испытания в специальной лицензируемой организации, которая проводит эти испытания, дальше Государственная техническая служба разрешает проводить необходимую интеграцию.

ТӨРАҒА. Хорошо.

Аскар Серикович и Алексей Владимирович, это очень важный вопрос. Вам нужно обратить на него внимание, потому что смотрите, все организации, которые потом получают доступ к базам данных, должны будут внедрить систему ограниченного доступа. Так?

ЖАМБАКИН А.С. Да, все верно.

ТӨРАҒА. Это требование мы законодательно по требованию депутатов закладываем, потому что та проблема, которая всегда поднимается, как только речь заходит об информационных системах, должна быть четко государством защищена. Частный участник рынка заходит – его допускаем, но он должен тогда соответствовать именно тем подходам, которые есть сегодня к государственным информационным системам. Понятно, да? И эту линию нужно проводить.

Что нужно для этого вам? Я знаю, в рабочей группе поднимался вопрос изменения законодательства, мы готовы Вас в этом поддержать, Алексей Владимирович.

Сөз депутат Павловец Лариса Павловнаға беріледі.

ПАВЛОВЕЦ Л.П. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемый Алексей Владимирович! Законопроектом предусматриваются формирование, ведение и содержание национальных коллекций патогенных и промышленных микроорганизмов, которые содержат образцы штаммов микроорганизмов, находящихся в обращении на территории Казахстана, в том числе возбудителей особо опасных инфекций.

При этом установлено, что требования по физической защите национальных коллекций патогенных и промышленных микроорганизмов будут содержаться в Правилах обеспечения биологической защиты, разрабатываемых и утверждаемых Министерством здравоохранения.

Поясните, пожалуйста:

1. Какие предусматриваются способы физической защиты патогенных и промышленных микроорганизмов, а также механизмы их хранения и перемещения?

2. Кто будет нести ответственность за нарушение требований биологической безопасности и сохранности патогенных и промышленных микроорганизмов? Спасибо.

ЦОЙ А.В. Большое спасибо.

Этому вопросу тоже придается особое значение, потому что непосредственно механизмы хранения будут закрепляться отдельными нормативными правовыми актами, в которых будут указаны, начиная с момента организации хранения, надлежащие требования и условия к охране самого объекта, температурные условия, условия логистики, доставки, сопровождения этих патологических агентов до базы хранения. Будет организовываться охрана посредством Министерства внутренних дел. То есть весь регламент будет четко прописан, каждый шаг будет прописан в виде алгоритма взаимодействия, в том числе требований безопасности к объекту.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Сөз депутат Нұрымова Гүлдара Алданышқызына беріледі.

НҰРЫМОВА Г.А. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Мой вопрос адресован докладчику и представителю Министерства образования и науки.

Законопроектом регулируются вопросы формирования, ведения и содержания национальной коллекции промышленных микроорганизмов. Сегодня эти коллекции функционируют на базе действующих научных институтов и лабораторий, которые находятся в ведении Министерства здравоохранения и Министерства образования и науки. Эти организации размещены в зданиях, построенных в 70-х годах прошлого века, и работают по стандартам советского периода. Они требуют дооснащения современным оборудованием, а порой и капитального ремонта.

Одной из угроз биологической безопасности является потенциальная аварийная ситуация, создающая возможность попадания патогенного биоагента в окружающую среду или заражения им человека, животных и растений.

Вероятность возникновения аварийной ситуации при нынешней материально-технической базе лабораторий весьма велика.

Уважаемый Алексей Владимирович, скажите, пожалуйста, какие меры принимаются Министерством здравоохранения по недопущению аварийных случаев?

Второй вопрос к представителю Министерства образования и науки.

Что предпринимается Вашим министерством для модернизации научной лабораторной сети? Спасибо.

ЦОЙ А.В. Спасибо.

Во-первых, к этому мы хотим подойти кардинально. Сейчас на этапе разработки и проектирования находится проект строительства нового хранилища или биобанка микроорганизмов, в котором будут предусмотрены максимальные требования по безопасности.

Что касается действующих биобанков, то в них условия созданы. В принципе, они находятся в надлежащих условиях, соблюдаются требования к хранению (охрана, режим, система жизнеобеспечения, дублирующее питание и так далее). То есть механизм обеспечения есть, но чтобы кардинально поменять вопрос, планируется строительство защищенного бункера, именно биобанка, который будет хранить эти образцы по Казахстану. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Куаныш Асылханович Ергалиев.

ЕРҒАЛИЕВ Қ.А. Спасибо за вопрос.

Как уже было отмечено, в НИИПББ предусмотрены средства на строительство BSL-3 в этом году, строительство уже идет.

Также уже было отмечено, что планируется строительство лабораторий повышенной безопасности. Помимо этого, в этом году предусмотрены средства на обновление материальной и технической базы ряда лабораторий, которые имеют условия для хранения микроорганизмов.

Спасибо. У меня все.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, сұрақтарымыз аяқталды.

Алексей Владимирович, рақмет. Прошу садиться.

Құрметті әріптестер, енді қосымша баяндама жасау үшін сөз Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің хатшысы депутат Мыңбай Дархан Қамзабекұлына беріледі.

МЫҢБАЙ Д.Қ. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті әріптестер! «Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздігі туралы» Заң жобасы Парламент Мәжілісінің қарауына биыл 7 шілдеде енгізілді.

Заң жобасы биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласын мемлекеттік реттеудің жеке саласы ретінде қалыптастыруға бағытталған. Мәселен, заң жобасында биологиялық қауіпсіздік саласындағы жаңа мемлекеттік ақпараттық жүйе құру көзделген. Мұндай жүйені құрудың нәтижесі болжау, биологиялық тәуекелдерді басқару жүйелерін қалыптастыру. Жаңа ғана Мәжіліс Төрағасы айтып кеткендей, осы жүйеде интеграцияланған ақпарат қауіпсіздігін қамтамасыз ету жағын пысықтайтын боламыз.

Әрбір стационарлық немесе мобильді объектіге патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуге арналған рұқсат алу.

Патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуді жүзеге асыратын субъектілердің, олардың меншік нысанына қарамастан, сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеудің міндетті рәсімінен өтуі.

Патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуді жүзеге асыратын қызметкерлерді әлеуметтік қорғау, олардың жалақысын ұлғайту, екі лауазымдық жалақы мөлшерінде сауықтыруға арналған жәрдемақы енгізу көзделген.

Депутаттар заң жобасымен жұмыс істеу барысында:

патогендік және өнеркәсіптік микроорганизмдердің ұлттық коллекцияларын қалыптастыру, жүргізу және күтіп-ұстау механизмін нақтылауға;

биологиялық қауіпсіздік саласында Бірыңғай мемлекеттік ақпараттық жүйені құру мақсаттарын анықтауға;

патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын мамандардың біліктілігін арттыруды қамтамасыз етуге;

заң жобасының бірқатар нормаларын «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің талаптарына сәйкес келтіруге бағытталған едәуір түзетулер енгізді.

Мәжілістің барлық комитеттері заң жобасы бойынша оң қорытындыларын берді.

Заң жобасымен жұмыс істеу биологиялық қауіпсіздік саласында өз қызметін жүзеге асыратын мүдделі мемлекеттік органдар, жетекші зертханалар мен ғылыми-зерттеу орталықтары, мемлекеттік емес ұйымдар өкілдерінің қатысуымен жалғасуда.

Баяндалғандарды ескере отырып, заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдауларыңызды сұраймын.

Назар қойып тындағандарыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Дархан Қамзабекұлы.

Құрметті депутаттар, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Ерман Мұхтар Тілдәбекұлына беріледі.

ЕРМАН М.Т. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті әріптестер! Биологиялық қатерлерді болжау мен ерте анықтаудың тиімді жүйесінің жеткілікті болмауы Қазақстан аумағында COVID-19 коронавирус инфекциясы пандемиясының таралуы кезінде анықталған негізгі жүйелі проблемалардың бірі болды.

Осыған байланысты елімізде биологиялық қауіпсіздіктің бірыңғай жүйесін құруға мүмкіндік беретін «Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздігі туралы» Заң жобасы жаңалықтардың негізгі элементі ведомствоаралық өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге және барлық мүдделі органдар мен қызметтерді үйлестіруге бағытталған нормалар болып табылады.

Сондай-ақ биологиялық қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру мақсатында барлық органдар мен ұйымдар уәкілетті органға жәрдем көрсетуге міндетті, бұл заң жобасының бірнеше нормаларында бекітілген.

Уәкілетті органның негізгі міндеті биологиялық қауіпсіздік саласындағы сыртқы және ішкі қатерлерге бірыңғай, келісілген және барабар саясатты қамтамасыз ету болып табылады.

Сонымен қатар заң жобасында биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге тартылған мүдделі мемлекеттік органдардың үйлестіруші рөлі көзделеді.

Табиғи немесе техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған кезде мемлекеттік органдардың іс-қимылдарын үйлестіру Төтенше жағдайлар министрлігіне жүктеледі. Егер Азаматтық қорғаныс әскерлерін, Апаттар медицинасы орталығы мен санитариялық авиацияны, арнайы техникасы, телекоммуникациялар, сондай-ақ ғылыми-зерттеу институттары мен орталықтарын, мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру мен дамытуды қоса алғанда, осы уәкілетті органның күштері мен құралдарының болуын назарға алсақ, бұл дұрыс шешім деп санаймыз.

Соғыс уақыты мен соғыс жағдайы кезінде Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқару органдарының қызметін үйлестіру міндеті Қорғаныс министрлігіне жүктеледі.

Сонымен қатар жоғарыда айтылғандай, заң жобасының маңызды құрамдас бөлігі ретінде:

патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуді жүзеге асыратын қызметкерлер мен қосалқы персоналды әлеуметтік қорғауды, атап айтқанда жалақының көбеюі, екі жалақы мөлшерінде сауықтыруға арналған жәрдемақы енгізу және басқа нормалар;

биологиялық қатерлердің әсерінен төтенше жағдай немесе төтенше ахуал туындаған кезде патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істейтін білікті, өз жұмысын жақсы білетін кадрларды даярлау.

Заң жобасын әзірлеу және қабылдау биологиялық қатерлерден, инфекциялар мен түрлі қауіпті аурулардың, оның ішінде, мысалы, COVID-19 коронавирусы инфекциясы сияқты вирустардың таралу қатерінің қауіпсіздігін арттыру үшін уақтылы және қажетті шара болып табылады деп санаймын.

Осыған байланысты мен заң жобасын қолдаймын және әріптестерімді осы жобаны бірінші оқылымда қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Басқа талқылауға қатысатын депутаттар жоқ. Талқылау барысында, құрметті әріптестер, бір ғана ұсыныс түсті, ол – заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөнінде. Қарсылықтарыңыз жоқ болса, осы ұсынысты дауысқа қоюға рұқсат етіңіздер. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Қаулының жобасы сіздерде бар, сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Қаулы қабылданды.



*Дұрыс! Құжаттамамен қамтамасыз ету
бөлімінің сектор меңгерушісі
Майя Н. Шайтанбаев.*